



ҚАУЛЫ

2020 жылғы 30 желтоқсан 274

№

Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№

город Атырау

Мақат ауданының білім беру
мекемелерінің кейбір мәселелері
туралы

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады. Қызымет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады.
Белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕТКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без сериального номера НЕДЕЙСТВУЙТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10, 17-баптарына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Мақат ауданының коммуналдық меншігіндегі мемлекеттік мекемелер мүліктік кешен ретінде Атырау облысының коммуналдық меншігіне қабылдасын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік мекемелердің атаулары өзгертілсін және мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілсін.

3. «Атырау облысы Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-қосымшасында атаулары өзгертілген мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекітуге және өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өкілеттік берілсін.

4. Мақат ауданының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды алсын.

5. «Атырау облысы Білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын шараларды алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Б.Қ.Хаменоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі



М. Досмұхамбетов

00311